QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №33 (2035) 7 ҚЫРКҮЙЕК 2026 ЖЫЛ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры

Шынайы сөздің жасампаз миссиясы



Республика кітапханаларының кітап қорлары жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін тура бір ай өткен соң құнды басылыммен толықты. Әңгіме Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты қанатты сөздер жинағы туралы болып отыр. Онда Президенттің сөйлеген сөздерінде, мақалалары мен сұхбаттарында айтылған, сондай-ақ қырық жылға жуық саяси қызметі барысында жарық көрген кітаптарында баяндалған негізгі ойлары екі тілде ұсынылған.

Жоғарыда көрсетілген хронологиялық сабақтастықтан зерделі оқырман белгілі бір заңдылықты аңғара алады. Бұл кітаптың жарық көруі – уақтылы әрі маңызды қадам, әрі оның сұранысқа ие болары сөзсіз. Ел жаңа Ата заң негізінде жаңа Қазақстанды қалыптастырып, өзінің дамуындағы ерекше кезеңді бастан өткеріп отыр. Осындай жағдайда Мемлекет басшысының – заманауи ірі саяси қайраткер әрі тәжірибелі дипломаттың терең пайымдалған тұжырымдары Отанның лайықты болашағын өз ойы мен ісімен байланыстыратын барша азамат үшін сенімді бағдар болмақ.

«Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде мен үшін тәуелсіздік – бәрінен қымбат!» Осы шынайы ұстанымнан оның алаңдаушылығы, күмәні мен үміті бастау алады. Бұл ұстаным ел көшбасшысының терең толғаныстарының негізгі өзегіне айналады. Сондықтан да бұл тақырып оның көптеген жарияланымдары мен кітаптарында, сөйлеген сөздерінде кеңінен көрініс тапқан. Тәуелсіздікті сақтау және нығайту – Президенттің басты миссиясы. Мемлекеттік деңгейде қабылданатын барлық маңызды шешімдерді дәл осы ұстаным тұрғысынан қарастыру қажет екені анық. Бұл ойға аталған жинақтың композициялық құрылымы да жетелейді.

«Елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың түпкі мақсаты – мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын жақсарту», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында.

Жалғасы 2-бетте

Таңдау ҚазҰУ-ға түсті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Білім күніне және 2026-2027 оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс-шаралар өтті. Жаңа оқу жылында оқу орны құрамына 8117 білім алушы қосылды.



Биыл университет бакалавриатына 6236 студент қабылданды. Олардың қатарын 674 «Алтын белгі» иегері мен республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы атанған 46 спортшы толықтырды. Сондай-ақ мемлекеттік грант иеленген 84 студент ҰБТ-дан 130-дан жоғары балл жинап, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 86,7 пайызға өсті.

Сондай-ақ магистратураға – 1167, докторантураға 462 зерттеуші қабылданды. Ал колледжге 199 білім алушы, бейінді мектепке 53 оқушы оқуға түскен.

Студенттерді жаңа ортаға бейімдеу және оларға кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында университеттің барлық 16 факультетін қамтыған ауқымды бағдарлама жүзеге асырылды.

Кездесулерге проректорлар, деканда, кафедра меңгерушілері мен кураторэдвайзерлер қатысып, университет табалдырығын жаңадан аттаған жастарға білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісінің ерекшеліктерін түсіндірді. Сонымен қатар студенттерге ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу, шығармашылық пен қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру және студенттік ұйымдарға мүше болу мүмкіндіктері таныстырылды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қазақстан халқының тілдері апталығы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай ұйымдастырылған дәстүрлі апталық мәресіне жетті.



Бір апта бойы оқу орнының барлық факультеттерінде студенттер мен оқытушылардың қатысуымен ғылыми-семинарлар, мәдени-танымдық дәрістер, пікірталастар мен кездесулер өтті. Іс-шаралар барысында тілдің қоғамдағы орны, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және көптілді білім берудің ерекшеліктері кеңінен талқыланды.

Апталық аясында ҚазҰУ қалашығындағы «Мәңгілік ел» сағаты маңында «Тіл. Өнер. Бірлік: ұлт рухының үні» тақырыбында мәдени-танымдық іс-шара өтті. Мерекелік бағдарлама студенттік «Farab» ансамблінің «Халықтар достастығы» биімен ашылды.

«Фараби сазы» оркестрі қазақ халқының дәстүрлі күй өнерінің таңдаулы туындыларын орындады. Атап айтқанда «Ертұран» және «Балбырауын» күйлері орындалып, ұлттық музыка өнерінің терең мазмұны мен тарихи-мәдени маңызы кеңінен насихатталды.

Кештің поэзиялық бөлігінде студенттер әлем халықтарының тілдерінде көркем шығармаларды мәнерлеп оқып, тілдің рухани қазына ретіндегі биік рөлін танытты.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ


3-бет
Мәнсия САДЫРОВА:
Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы жалпыұлттық зерттеу керек



4-бет
Жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа буын мамандарын қалыптастыру



5-бет
Еңбек бөлінісінен – цифрлық экономикаға дейін



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры

Шынайы сөздің жасампаз миссиясы

Басы 1-бетте



Алайда отандастарымыздың мемлекеттілігіміздің мызғымастығына және жүргізіліп жатқан реформалардың табысына деген сенімін қалай нығайтуға болады? Мұны Президенттен артық кім жүзеге асыра алады? Ең алдымен – нанымды әрі жасампаз сөз арқылы. Әлем әдебиетінің классигі Анатоль Франстың «Қуатты дәлелдер мен биік ойлардың қатарын бұзу мүмкін емес. Сөз қаһарлыларды жеңіп, қамалдарды қиратады», – деуі бекер емес. Сөз – көзге көрінбейтін қару.

Жинақ авторы жастық шағында журналист болуды армандаған, белгілі жазушының ұлы ретінде сөздің әсерлі күші мен салмағын терең түсінеді. Сондықтан оның сөзбен жұмыс істеуге деген көзқарасы ерекше ұқыпты әрі талапшыл, ал тілді меңгеруі жоғары деңгейде. Бұған оның «Жарық пен көлеңке», «Еңсеру», «Бұл қалай болған еді... Бейжіңдегі толқулар шежіресі (1989 жылғы сәуір – маусым)», «Әке туралы сөз» және басқа да кітаптарының оқырмандары көз жеткізді. Айта кетерлігі, осы шығармалардан алынған жекелеген дәйексөздер аталған жинаққа да енгізілген.

Жекелеген тақырыптар бойынша берілген әсерлі дәйексөздерді оқи отырып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыбайлас жемқорлық, үстірт көзқарас және басқа да жалпыұлттық мәселелерге қатысты терең әрі ымырасыз ұстанымын аңғармау мүмкін емес. «Биліктің төменгі және орта буындарындағы, жергілікті жерлердегі сыбайлас жемқорлық жоғары лауазымды кабинеттердегі сыбайлас жемқорлықтан кем зиянды емес». «Бұл – сыбайлас жемқорлықтың өткір иісі аңқыған жоба». «Мен даурықпа көңіл күйден арылуға, қол жеткізілген нәтижелерге тоқмейілсімеуге, барлық мәселелер туралы ашық айтуға, оларды бірлесіп шешудің жолдарын іздеуге және алдымызға бұдан да биік мақсаттар қоюға шақырамын. Мен нақты нәтижеге тек осылай ғана қол жеткізуге болады деп сенемін».

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жария сөздерінде әділеттілік, заңдылық, жауапкершілік және ұлттық бірлік идеялары жыл өткен сайын айқын әрі салмақты естіліп келеді. Мәселен, БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясындағы жалпы пікірталаста ол: «Мен әрбір азаматтың тең мүмкіндіктерге, құқықтар мен қорғанысқа ие болатын әділетті Қазақстанды құруды қолдаймын», – деп мәлімдеді. Үш жылдан кейін Ұлттық құрылтай отырысында бұл ойын одан әрі дамытып, «Біздің ұлттық арманымыз әділетті, қауіпсіз, таза, қуатты Қазақстан құру идеясынан бастау алады», – деді.

Жоғары оқу орындары қызметкерлері үшін Мемлекет басшысының олардың қызмет саласына ерекше назар аударуы әрдайым маңызды. Әсіресе білім, ғылым және инновациялық даму конституциялық басымдықтар қатарына енгізілгеннен кейін бұл маңыз арта түсті. Жинақта цифрландыру мен жасанды интеллект, білім мен ғылым туралы көптеген дәйексөздер мен тұжырымдар қамтылған. Бұл заңды құбылыс. Өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық дамуының межеленген мақсаттарына шынайы технологиялық әрі зияткерлік серпіліссіз қол жеткізу мүмкін емес. Қазақстанды үш жыл ішінде толықканды цифрлық елге айналдыру стратегиялық міндетіне сүйене отырып, Мемлекет басшысы үнемі озық ойлап, алдын ала әрекет етуге шақырады.

«Жасанды интеллект дәуірінде сан алуан мүмкіндік геометриялық прогрессиямен арта береді, міндетті түрде жаңа салалар мен бизнестің жаңа түрлері пайда болады. Бұл – ойлайтын әрі белсенді жастар үшін «алтын мүмкіндік». Оның терең сенімі бойынша, мұндай мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды. Бүгінде цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту бүкіл әлемнің назарында. Уақыт тығыз, бәсекелестік өте жоғары. Қазақстан Президентінің креативті жастар өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізуі де осы жағдаймен байланысты. Жуырда ол Ақордаға жасанды интеллект негізінде кинематографиялық сападағы бейне жасау платформасы – капитализациясы 5,4 миллиард долларды құрайтын алғашқы қазақстандық бірегей компания – Higgsfield AI-дың тең құрылтайшыларын шақырды. Бұған дейін Вашингтонда халықаралық нарыққа шығып жатқан 20-дан астам отандық IT-стартаптың негізін қалаушыларымен кездесті.

Басылым 20-дан астам бөлімнен тұрады, бұл онда қамтылған тақырыптардың кең ауқымын көрсетеді. Бұл заңды құбылыс. Мемлекет құру ісінде Президент үшін маңызды емес мәселе де, екінші кезектегі тақырып та болмауға тиіс. Ұқыпты іріктелген материалдар саясаттанушыларға, дипломаттарға, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілерге ғана емес, қалың оқырман қауымға да қызықты. Әрбір оқырман өзін қызықтыратын бөлімді таңдап, көкейіндегі сұрақтарға жауап таба алады.

Шынында да, «Қазақстан талантты әрі мақсатшыл адамдарды тартатын магнитке айналып келеді». Бұған inDrive IT-компаниясының және Арсен Томский бастаған бүкіл команданың Алматыға қоныс аударуын мысал ретінде келтіруге болады.

«Білім мен ғылым еліміздің дамуының қозғаушы күшіне айналуы үшін біз бұдан да көп күш пен ресурсты жұмылдыруымыз қажет. Мен үшін Мемлекет басшысы ретінде бұл – мызғымас басымдық». Оның адами капиталды дамытуға тұрақты назар аударатынын дәлелдейтін жинақтағы осындай жарқын әрі есте қаларлық тағы да көптеген дәйексөздерді мысал ретінде келтіруге болады.

Президенттің түрлі аудитория алдындағы сөйлеген сөздерінің негізгі мәнін жеткізетін ықшам дәйексөздер егемен Қазақстанның қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің өзіндік вербалды көрінісі іспетті. Есте қаларлық қанатты сөздер, мақалалардан алынған мәнді үзінділер, кітаптардағы шағын фрагменттер Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық қатынастар, қоғамдық өмір, білім, экономика, мәдениет, партия құрылысы және басқа да салаларға қатысты көзқарастарының қалай қалыптасқанын байқауға мүмкіндік береді. Мәселен, 2019 жылғы желтоқсанда Жастар және спорт жылының жабылу рәсіміндегі сөзінде ол: «Кез келген елдің табысы оның азаматтарының жеке жетістіктерінен құралады», – деп атап өтті. Ал жеті жылдан кейін мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесуде: «Егер біз озық ұлт болуды көздесек, ең алдымен мәдениетсіздіктің барлық өрескел көріністеріне, яғни қоғамдағы вандализмге тосқауыл қоюымыз керек», – деді.

Көрнекті мемлекет қайраткерлерінің терең ойлары мен қанатты сөздері әрдайым сұранысқа ие болған. Өйткені оларда белгілі бір дәуірдің қоғамдық ойының мәні, саяси мәдениетінің деңгейі және өзге де маңызды қырлары көрініс табады. Олардың қысқа да нұсқа тұжырымдары арқылы уақыттың тынысын, ұлттық элитаның басымдықтарын, халықтың арман-тілегін сезінуге болады. Мұндай кітаптар жанрлық жағынан алуан түрлі болмаса да, оларды тақырыптық ауқымының кеңдігі біріктіреді. Осы тұрғыдан Мұстафа Кемал Ататүріктің «Нутук», Уинстон Черчилльдің «Ешқашан берілмеу» және Ли Куан Юдің «Үшінші әлемнен – бірінші әлемге. Сингапур тарихы (1965-2000)» еңбектері айрықша. Бұл кітаптарда саясат, реформалар, ұлт және өзге де мәселелер жөніндегі көрнекті тұлғалардың көзқарастары жинақталған. «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» (Астана: «Фолиант», 2026) кітабы да осы қатарға жатады.

Басылым 20-дан астам бөлімнен тұрады, бұл онда қамтылған тақырыптардың кең ауқымын көрсетеді. Бұл заңды құбылыс. Мемлекет құру ісінде Президент үшін маңызды емес мәселе де, екінші кезектегі тақырып та болмауға тиіс. Ұқыпты іріктелген материалдар саясаттанушыларға, дипломаттарға, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілерге ғана емес, қалың оқырман қауымға да қызықты. Әрбір оқырман өзін қызықтыратын бөлімді таңдап, көкейіндегі сұрақтарға жауап таба алады.

Автордың дәйексөздеріне терең үңіле отырып, елде болып жатқан өзгерістердің ішкі логикасын тереңірек түсінуге болады. Қоғамдық өмірдегі үйреншікті құбылыстарға мүлде басқа қырынан қарауға мүмкіндік туады. Қысқа әрі нұсқа дәйексөздерден мемлекеттік ойлаудың ауқымы, күрделі әрі маңызды мәселелерді қарапайым әрі түсінікті тілмен айту және жазу шеберлігі айқын сезіледі. Бұған мынадай қанатты сөздер дәлел: «Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады», «Өз тарихы мен көшбасшыларын жоққа шығаратын халықтың болашағы жоқ», «Қазіргі заманда ел боламыз десек, экранды да түзеуіміз керек», «Демократия – саясаттағы «киндер-сюрприздердің» қолындағы ойыншық емес», «Лев Толстойдың әйгілі «Соғыс және бейбітшілік» романы – бейбітшіліктен гөрі соғыстың феноменалды әрі іргелі сипаттамасы», «Бізде озбырлықты саяси ерікпен шатастырады». Және соңында: «Егер ұлттардың өзін-өзі айқындау құқығы бүкіл әлемде толық жүзеге асырылса, бүгінде БҰҰ құрамындағы 193 мемлекеттің орнына жер бетінде 500 немесе 600 мемлекет пайда болар еді. Әрине, бұл бейберекеттікке әкеледі. Сондықтан біз Тайваньды да, Косовоны да, Оңтүстік Осетияны да, Абхазияны да мойындамаймыз. Біздің көзқарасымыз бойынша Луганск пен Донецк сияқты квазимемлекеттік аумақтарға да осы қағидат қолданылады. Бұл – сіздің ашық сұрағыңызға берілген ашық жауап».

Бұл журналистің сұрағына берілген жауап қана емес. Бұл – қоғаммен ең күрделі мәселелер жөнінде ашық әрі дәйекті сөйлей білу қабілетін білдіретін саяси батылдықтың көрінісі.

Мәнсия САДЫРОВА профессор:

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы жалпыұлттық зерттеу керек

Соңғы кездері қоғамда әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық, яғни күш көрсету оқиғалары жиіліп кетті. Әлеуметтік желіні ашып қалсаң, күнде алдыңнан бір оқиға шыға келеді. Мамандар кейінгі жылдары күйеуінің қолынан қаза тапқан әйелдер оқиғасының көбейгенін айтып отыр. Бұл дабыл қағатын жағдай. Бір өкініштісі, мамандардың айтуына қарағанда, әйелге зорлық-зомбылық көрсететін әлгі абьюзерлердің дені сауатты, жоғары білімді адамдар екен. Бүгінгі білім алушы жастардың, әсіресе ер-азаматтардың зорлық-зомбылыққа бейіл болмауы үшін не істеуіміз керек? Мұндай оқиғалардың алдын алуға не кедергі? Қоғамдағы осы және өзге де өзекті мәселелер жөнінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, әлеуметтанушы Мәнсия Сапарғалиқызымен «Qazaq universiteti» газетінің тілшісі сөйлескен еді.



– Мәнсия Сапарғалиқызы, қоғамда соңғы кездері әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық оқиғалары тым көбейіп кетті. Оның себебі неде?

– Бүгінгі таңда «тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес» деген түсінік қолданыста кең таралып кетті. Десек те, біздің қоғамда бір адамның екіншісінен зардап шегетіндей күш көрсету оқиғалары тыйылмай отыр. Керісінше, қоғам болып, ел болып, заң шығарып, жаза қатаңдатылған сайын жан шошытарлық оқиғалар күн сайын орын алуда десек, артық айтқандық емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заңнамалық деңгейде қабылданып жатқан іс-шаралар туралы айта келіп, әйелдерге қатысты тыйым салынған мамандықтар тізімін қайта қарауға шақырды. Сондай-ақ әйелдер мен балаларды әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қолдауды күшейту жолдарына тоқталды. Атап айтқанда әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың таралуы туралы жалпыұлттық зерттеу жұмысын қолға алу жөнінде шешімін айтты. Міне, осы жалпыұлттық зерттеу жұмысына мемлекет қолдау көрсетуі қажет. Сонымен бірге біздің Президентіміз гендерлік теңдік және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша озық тәжірибемен бөлісу үшін Орталық Азияда өңірлік білім платформасын құру туралы бастама көтерді.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық – бұл жыныстық белгісіне негізделген кез келген зорлық-зомбылық актісі, ол әйелдерге физикалық, жыныстық, психологиялық зиян келтіруге немесе азаптауға бағытталған болуы мүмкін. Бұған қауіп-қатер, мәжбүрлеу немесе еріксіз бостандықтан айыру да кіреді. Бұл ұғым халықаралық деңгейде де қабылданған: БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларациясында». Бұл мәселе әлемде де, Қазақстанда да өзекті болып отыр.

Қазіргі Қазақстан қоғамында әйелдерді өлтіру, ұрып-соғу, артынан қалмай қысым жасау, өз-өзіне қол салуға дейін апару оқиғалары белең алуда. Қазақстан әйелдерінің 22 пайызы психологиялық, ал 17 пайызы жыныстық зорлықтың құрбаны екен. Бұл ресми дерек. «БҰҰ – Әйелдер» құрылымының Қазақстандағы өкілдігі «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болатын қыз-келіншектер саны бұдан да көп» дейді. Әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтың ерекшелігі және зерттеу қиындығы бұл мәселеде жоғары латенттілік басым. Көп жағдайда оқиғалар тіркелмейді немесе толық көрсеткіштер жиналмайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрінісі отбасы аясынан аспайды. Өйткені әйелдер өздерінің ұстанымына байланысты отбасындағы жағдайды айта бермейді. Оған отбасындағы тәрбие, дәстүр, қалыптасқан стереотиптер әсер етеді. Әйелдер көбіне «ата-анамның абыройын түсірмейін, кір келтірмейін, балаларыма әке керек» деген ұстанымда болады. Демек, әйелдің психологиялық әлсіздігі, көнбістігі, кейде кете алмайтын шарасыздығы өлімге дейін апарады. Бұл жерде жұбайлардың некесінің тең болмауы да отбасылық қақтығысқа алып келеді. Жұбайлардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да бұл мәселеде әсер етеді. Себебі әйелдердің экономикалық теңдігі оның әлеуметтік қауіпсіздігіне ықпал етеді. Дегенмен әйелдердің статустық басымдығы да отбасындағы келіспеушілікке алып келеді. Сонымен қатар құқықтық тілде «отбасылық тиран» деген түсінік бар. Оның әлеуметтік портреті де жасалған, сіздер оны білесіздер деген ойдамын. Ол – тұрақты жұмыс істемейтін, жасы 30-дан асқан, бұрын қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған, орта немесе орта арнаулы білімі бар, моральдық келбеті келіссіз адамдар. Абьюзер ер адам сауатты, жоғары шенді адам бола беретінін «Салтанат оқиғасы», одан да басқа оқиғалар көрсетіп отыр. Отбасының шырқын бұзатын да көбіне осы абьюзерлер екен.

– Мұндай оқиғаларды жоюдың амалы қандай?

– Зорлық көрген әйелдердің 30 пайызы отбасына оралады. Яғни зорлық көрген әрбір жетінші әйел. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Жан-Сая» дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Сапарова мәлімдеді. Оның сөзінше, дағдарыс орталығының көрсеткіштеріне сәйкес, әрбір үшінші әйел өз отбасына оралатын көрінеді. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, егер зардап шеккен адам агрессорға қайтып баратын болса, агрессиялық шеңбер үзілмейді.

Қазір елімізде 31 дағдарыс орталығы бар. Олар тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген қыз-келіншектерге қолдау көрсетіп, өздерін қорғай алуы үшін арнайы нұсқама береді. Биыл 9 айда 50 мыңнан астам әйелге нұсқама беріліп, 5 мыңдай құқық бұзушыға шара қолданылған.

Отбасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себептері – алкогольдік ішімдік ішу, қызғаныш, материалдық қиындықтар, ажырасу кезіндегі келіспеушіліктер және басқа да тұрмыстық мәселелер.

Әйелді ұрып-соқпайтын қоғам әлі орнамады. Отбасында әйелдің күнара көгала қойдай таяқ жеп, тіпті мүгедек, майып болатыны да жиі кездеседі. Қол жұмсағандар жазаланып та жатыр. Темір торға тоғытылып та келеді. Бірақ мұндай жазалардың әйелге күш көрсететіндерді үркіте алар түрі көрінбейді. Сондықтан ата-анаға бала тәрбиесін қандай жағдайда да уысынан шығаруға болмайды. «Тәрбие – тал бесіктен». Қазір балаларды әлеуметтік желі тәрбиелеп жатыр. Олар неше түрліні содан көреді. Одан кейін отбасында ата-ана өздерін қалай ұстайды, бұл да үлкен мәселе. Күнде ұрыс-керіс, жанжал арасында өскен баланың жүйкесі де дұрыс болмайды. Жастайынан психикасы бұзылған баладан не күтуге болады? Өсе келе өзі де агрессияға бейім екенін білмей қалады. Сондықтан зорлық-зомбылық тамырының психологиялық, әлеуметтік, экономикалық астары басым. Жастарды одан құтқару үшін отбасынан бастап, балабақша, орта мектеп, жоғары білім ошақтары қостап, жанжақты тәрбие, сақтық шараларын ұсынуымыз керек. Сонда ғана қандай да бір нәтиже күтуге болатын шығар. Дегенмен бір айта кетерлігі, соңғы статистикалық деректер әйелдерге зорлық 7,5 пайызға төмендегенін көрсетеді. Бұл да қоғамда іске асып жатқан іс-шаралардың жетістігі. Жұбайлардың бір-біріне ықпалы, бірге дамуы, қамқорлық, мейірім, отбасылық жағдайды бірге шешуі отбасының қалыпты дамуына алып келеді. Бүгінгі білім алушы жастар осыны естен шығармағаны абзал.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбатты жүргізген
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Университет қабырғасында жас ұрпаққа білім беріп, олардың кәсіби әрі азаматтық қалыптасуына бағыт-бағдар көрсетіп жүрген ұстаз ретінде мен үшін Құрылтай ұғымының мәні ерекше.

Құрылтай – халқымыздың тарихи жадында елдік мүдде, бірлік, ортақ жауапкершілік және тағдырлы мәселелерді кеңесе отырып шешу дәстүрімен сабақтасқан терең ұғым. Ол тек өткен тарихымыздың бір көрінісі емес, ұлттың ойлау мәдениетін, қоғамдық келісімге ұмтылысын және мемлекет тағдырына бейжай қарамау ұстанымын білдіреді. Меніңше, Құрылтай идеясының жас ұрпаққа беретін ең маңызды тағылымдарының бірі – ел болашағына әр азаматтың қатысы бар екенін ұғындыру.

Ұрпақтар сабақтастығы мен ел болашағының бағдары

Қазақстанның дамуы тек мемлекеттік институттарға немесе белгілі бір сала мамандарына ғана байланысты емес. Елдің өркендеуіне өз білімін адал еңбегімен ұштастырған әрбір азамат үлес қоса алады. Жастар үшін Отанға қызмет ету ұғымын да кең мағынада түсіну маңызды. Елге қызмет ету – міндетті түрде үлкен лауазым атқару деген сөз емес. Жақсы білім алу, таңдаған мамандығыңды жетік меңгеру, ғылымға ұмтылу, адал еңбек ету, жаңашыл идея ұсыну, қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, заңды құрметтеу – мұның бәрі мемлекет дамуына қосылатын нақты үлес.

Қазіргі жастар мүлде жаңа дәуірде өмір сүріп жатыр. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, жаһандық бәсекелестік, экологиялық өзгерістер мен еңбек нарығындағы жаңа талаптар олардың алдында бұрын болмаған мүмкіндіктермен бірге үлкен жауапкершілік те қалыптастырып отыр. Осындай кезеңде жастардың әлемдік білімге ұмтылып, заманауи технологияларды меңгеруі қаншалықты маңызды болса, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын білуі де соншалықты маңызды. Өз тамырын терең түсінген адам ғана болашаққа сенімді қадам жасай алады. Бұл Құрылтай дәстүрінің қазіргі білім кеңістігіндегі жалғасы іспетті.

Құрылтайдың терең мазмұнындағы кеңесу, тыңдау, түсіну және ортақ мәмілеге келу қағидаттары университет ортасына да жақын. Университет – әртүрлі көзқарастар тоғысатын, идеялар талқыланатын, жаңа ой қалыптасатын орта. Сондықтан білім беру үдерісінің өзі жастарды болашақ қоғамдық диалогқа дайындайтын маңызды алаң болуы тиіс. Елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түпкі мақсаты – заң мен тәртіп үстемдік ететін, әділетті, қауіпсіз, таза әрі күшті Қазақстан қалыптастыру. Бұл ұғымдардың әрқайсысы жастар тәрбиесімен тікелей байланысты.

Әділетті Қазақстан – әділдік пен адалдықты өмірлік қағидаға айналдырған азаматтардан басталады. Таза Қазақстан – туған жерін құрметтеп, табиғат пен қоғамдық ортаға жанашырлықпен қарайтын ұрпақтан басталады. Қауіпсіз Қазақстан – заң мен тәртіпті құрметтейтін жауапты қоғамнан қалыптасады. Мықты Қазақстан – білімді, кәсіби, еңбекқор, отаншыл және жаңашыл жастардың қолымен құрылады.

Құрылтай – тарихтан жеткен тағылым, бүгінгі бірліктің негізі және болашақ алдындағы ортақ жауапкершіліктің белгісі.

Нұргүл МАУЛИНА,
Бизнес-технологиялар кафедрасының профессор м.а., э.ғ.к.

Жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа буын мамандарын қалыптастыру

Жасанды интеллект бүгінде технологиялық дамудың ғана емес, экономиканың, ғылымның, білім берудің және қоғамның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Әлемдік деңгейде жасанды интеллектіні меңгерген мамандарға сұраныс артып, еңбек нарығының талаптары өзгеріп келеді. Осындай жағдайда Қазақстан үшін заманауи технологияларды еркін меңгеретін, оларды нақты міндеттерді шешуде қолдана алатын жаңа буын мамандарын даярлау стратегиялық маңызға ие.

Осы мақсатта елімізде AI-Sana ауқымды мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. ҚазҰУ студенттері жасанды интеллектіні меңгеру жолындағы көшбасшылар қатарында.

AI-SANA ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

AI-Sana – студенттер, магистранттар мен докоранттардың жасанды интеллект саласындағы білімдері мен практикалық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ технологиялық кәсіпкерлікті қалыптастыруға бағытталған бірегей акселерациялық бағдарлама.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – жасанды интеллектіні тек теориялық тұрғыдан оқытумен шектелмей, білім алушыларды оны нақты кәсіби міндеттерде қолдануға және өздерінің технологиялық жобаларын әзірлеуге бағыттауы.

AI-Sana бағдарламасында халықаралық тәжірибеге ерекше мән беріледі. Бағдарлама мазмұнын қалыптастыруда әлемнің жетекші университеттері мен халықаралық сарапшылардың тәжірибесі пайдаланылған. Оның ішінде Stanford және MIT сияқты әлемге танымал білім беру орталықтарының тәжірибесі ескерілген. Сонымен қатар DeepTech бағытындағы стартаптарды дамытуға басымдық берілуде.

AI-SANA БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы Қазақстанның да кадрлық саясатына жаңа талаптар қойып отыр. Қазіргі таңда кез келген сала маманы үшін цифрлық сауаттылықпен қатар, жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалана білу маңызды.

AI-Sana бағдарламасының іске қосылуының негізгі мақсаты – Қазақстанда жасанды интеллектіні меңгерген жаңа буын мамандарын қалыптастыру.

Бағдарлама аясында студенттер жасанды интеллектінің негізгі қағидаларын меңгеріп қана қоймай, Python, машиналық оқыту, нейрондық желілер, тілдік модельдер және басқа да заманауи технологиялармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

Ең маңыздысы – алынған білімді нақты мәселелерді шешуге қолдану. Бағдарламада энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, қаржы, білім беру және экономиканың басқа да басым салалары бойынша нақты кейстермен жұмыс істеу қарастырылған.

Осылайша AI-Sana Қазақстанның технологиялық дамуы үшін қажетті адам капиталын қалыптастыруға бағытталған.





Бағдарламаның басты ерекшелігі – жасанды интеллектіні тек теориялық тұрғыдан оқытумен шектелмей, білім алушыларды оны нақты кәсіби міндеттерде қолдануға және өздерінің технологиялық жобаларын әзірлеуге бағыттауы.


БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ – БІЛІМНЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ДЕЙІН

AI-Sana бағдарламасын жүзеге асыру бірнеше кезеңнен тұрады.

Алғашқы кезеңде студенттер жасанды интеллектінің базалық дағдыларын меңгеруге бағытталған курстардан өтті. Оқыту Huawei, Coursera және Astana Hub сияқты платформалар арқылы ұйымдастырылды. Ресми мәлімет бойынша, бастапқы кезеңде 650 мың студент базалық AI білімін меңгеріп, 160 мың сертификат алынған.

Екінші кезеңде бағдарлама жаңа деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде басты назар теориялық білімнен гөрі AI-ды практикалық қолдануға, бағдарламалауға, машиналық оқытуға және технологиялық кәсіпкерлікке аударылды.

Екінші кезеңге 100 мың студентті қамту жоспарланып, білім алушыларға өздерінің AI-жобаларын әзірлеуге мүмкіндік берілді. Бағдарламаның бұл кезеңі шамамен 2,5 айға созылатын онлайн оқыту форматында ұйымдастырылды.



Демек, AI-Sana-ның басты ерекшелігі – «білім алу – дағды қалыптастыру – жоба жасау – технологиялық кәсіпкерлікке қадам басу» қағидаты.

AI-SANA-НЫҢ БАСТЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бағдарламаға қатысу студенттерге бірқатар маңызды мүмкіндік береді.

Біріншіден, білім алушылар жасанды интеллект технологияларын кәсіби деңгейде түсінуге алғашқы қадам жасайды.

Екіншіден, теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік алады. Студенттер Python және Google Colab арқылы код жазып, нейрондық желілер мен тілдік модельдердің жұмыс істеу принциптерімен танысады.

Үшіншіден, технологиялық кәсіпкерлік дағдылары қалыптасады. Студенттер өз идеяларын AI-жобаға айналдырып, бизнес-жоспар әзірлеуді үйренеді.

Төртіншіден, халықаралық сарапшылардың тәжірибесімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Бесіншіден, ең перспективалы жобалар DeepTech стартаптарына дейін дамытылуы мүмкін.

Бұл бағыттың нәтижесі қазірдің өзінде байқалады. AI-Sana ресми деректерінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында 211 стартаптың құрылғаны көрсетілген.

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖОО-ЛАРЫ ҚАТЫСУДА

AI-Sana еліміздің жоғары білім беру жүйесін кеңінен қамтып отыр. Бағдарлама аясында әр өңірден 27 «зәкірлік» жоғары оқу орны іріктеліп, бекітілген. Бұл университеттер өз өңірлерінде және көршілес облыстарда бағдарламаны іске асыруға жауапты.

Алматы қаласы мен өңірлердегі зәкірлік жоғары оқу орындарының қатарында:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
- Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті;
- Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті;
- Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар.

Бағдарламаға еліміздің басқа да жетекші жоғары оқу орындары белсенді қатысуда. Мысалы, Торайғыров университетінде AI-Sana-ның алғашқы кезеңі нәтижесінде 15 275 сертификат алынған және университет Huawei ICT Academy көрсеткіші бойынша әлемдік Топ-10 құрамына енген.

Жанерке ЕЛДОСҚЫЗЫ,
Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі меңгеруші орынбасары





Еңбек бөлінісінен – цифрлық экономикаға дейін

Биыл экономикалық ой тарихындағы аса маңызды еңбектердің бірі – Адам Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» атты кітабының жарық көргеніне 250 жыл толады. Алғаш рет 1776 жылы жарияланған бұл еңбек экономикалық ғылымның қалыптасуына орасан зор ықпал етіп, бүгінгі күнге дейін экономикалық өсу, бәсекелестік, кәсіпкерлік, еңбек бөлінісі және мемлекеттің рөлі сияқты мәселелерді түсіндіруде маңызды идеялардың негізі болып келеді.



Адам Смит тек экономист емес, қоғамдық өмірді өзара байланысқан күрделі жүйе ретінде түсіндіруге ұмтылған ғалым. Ол экономикалық қызметті саяси, құқықтық, әлеуметтік және адамгершілік институттармен тығыз байланыста қарастырды. Сондықтан Смиттің ғылыми мұрасы оны тек еркін нарықты жақтаушы ретінде қабылдайтын кең таралған түсініктен әлдеқайда ауқымды.

Адам Смиттің маңызды ғылыми жетістіктерінің бірі – ұлттық байлық ұғымын қарастыруында. XVIII ғасырда меркантилизм идеялары ықпалды болды, оның өкілдері мемлекеттің экономикалық қуатын ең алдымен алтын мен күмістің қоры және сыртқы саудадағы оң теңгеріммен байланыстырды. Ал Смит бұған мүлде өзгеше көзқарас ұсынды. Ол байлықтың басты қайнар көзі қоғамның тиімді қызметінде, айырбастың дамуында және экономиканың халыққа қажетті тауарлар мен қызметтермен қамтамасыз ету қабілетінде деп есептеді. Бұл көзқарас байлықты тиімді өндіріс нәтижесі ретінде қарайды, бұл идея қазіргі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

«Халықтар байлығы» еңбегіндегі ең танымал қағидалардың бірі еңбек бөлінісі теориясы. Оны түсіндіру үшін Смит түйреуіш мануфактурасының мысалын келтіреді. Егер бір адам өндірістік операциялардың барлығын өзі орындаса, оның өнімділігі салыстырмалы түрде төмен болады. Ал өндіріс үдерісі жеке операцияларға бөлініп, әр жұмысшы белгілі бір қызметке маманданған жағдайда өнім көлемі бірнеше есе артады.

Смиттің пікірінше, өнімділіктің өсуі жұмысшылардың кәсіби дағдыларының жетілуі, бір операциядан екіншісіне ауысуға кететін уақыттың қысқаруы және мамандандырылған машиналар мен құралдарды пайдалану мүмкіндігінің артуы есебінен қамтамасыз етіледі. Екі ғасыр өткеннен кейін де бұл қағида өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, ол қазіргі әлемдік экономиканың ұйымдастырылуының негізіне айналды. Цифрлық экономика да мамандану қағидасының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Қазіргі заманғы бір өнімді әлемнің әр бөлігінде орналасқан мамандар, инженерлер, дизайнерлер, маркетологтар мен сарапшылар бірлесіп онлайн жасай алады. Осылайша еңбек бөлінісі жөніндегі классикалық идея бүгінде жаһандық сипатқа ие болды.

Смит еңбек бөлінісін капиталдың жинақталуымен байланыстырды. Өнімділіктің артуы қосымша өнім жасауға мүмкіндік береді. Оның белгілі бір бөлігі өндірісті кеңейтуге, құрал-жабдықтар сатып алуға және жаңа технологияларды енгізуге бағытталуы мүмкін. Осылайша келесідей өзіндік даму тетігі қалыптасады: еңбек бөлінісі – өнімділіктің өсуі – табыстың артуы – капиталдың жинақталуы – инвестициялар – технологиялық жетілдіру – өнімділіктің одан әрі өсуі. Қазіргі экономика да көп жағдайда осы логика бойынша дамиды. Кәсіпорындардың цифрлық технологияларға, жасанды интеллектіге, автоматтандыру мен роботтандыруға салатын инвестициялары өндіріс тиімділігін арттырып, жаңа өнімдер жасауға мүмкіндік береді. Демек, Смит идеялары технологиялық экономика жағдайында да экономикалық өсудің негізгі тетіктерін түсінуге көмектеседі.

Адам Смит идеяларының қазіргі экономикадағы маңызын түсіндіруде жоғары экономикалық білімнің рөлі ерекше. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде болашақ экономистер классикалық және заманауи экономикалық теорияларды, экономикалық ілімдер тарихын, кәсіпорын экономикасын, қаржы мен басқару мәселелерін жүйелі түрде меңгереді. Мұндай білім беру ортасы студенттерге Адам Смит еңбектерін тек тарихи мұра ретінде емес, қазіргі экономикалық үдерістерді талдаудың теориялық негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе еңбек бөлінісі, өнімділік, капиталдың жинақталуы, кәсіпкерлік пен бәсекелестік мәселелері қазіргі Қазақстан экономикасының дамуымен байланыстыра зерттеліп, студенттердің экономикалық ойлауын және сыни талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Адам Смит мұрасының бір ерекшелігі – экономиканы өндіріс, айырбас, адамдардың мүдделері, мемлекет, институттар мен адамгершілік нормалар өзара әрекет ететін тірі жүйе ретінде қарастырды. Технологиялар, бизнес модельдер мен жаһандық экономиканың құрылымы өзгергенімен, Адам Смит қарастырған экономикалық дамудың іргелі мәселелері әлі де өзекті.

Бикен НҰРМАНОВА,
аға оқытушы

Гүлмира АНДАБАЕВА,
доцент-зерттеуші

Үнемі ізденісте жүретін студент

Білімге ұмтылыс, ғылымға қызығушылық, өнерге құштарлық және заманауи технологияларды меңгеруге деген талпыныс – бүгінгі жас ұрпақтың жан-жақты дамуының айқын көрінісі. Осындай биік талап пен ізденісті бойына тоғыстырған талантты жастың бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4-курс студенті Айжан Әлімбек.



Айжан Қуатқызы 2006 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2023 жылы Алматы қаласындағы №148 мектеп-гимназияны үздік тамамдап, «Қызыл аттестат» иегері атанды. Сол жылы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетіне мемлекеттік грант негізінде оқуға түсіп, «6B07303 – Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша білім ала бастады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген Айжан оқу мен тәжірибені ұштастыра білетін, үнемі ізденісте жүретін студент ретінде ерекшеленді. Ол университет қабырғасында оқу озаты ғана емес, қоғамдық белсенділігі, жауапкершілігі және ұйымдастырушылық қабілетімен де танылып келеді. Студенттік өмірде көшбасшылық қасиетін айқын көрсете білген Айжан бірнеше жыл бойы топ старостасы ретінде өзіне жүктелген міндеттерді жоғары жауапкершілікпен атқарды. Оның бастамашылдығы мен іскерлігі курстастарына да үлгі.

Айжанның ғылыми-зерттеу бағытындағы жетістіктері де ерекше атап өтуге лайық. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Фараби әлемі – 2024» халықаралық ғылыми конференциясында «Жер деградациясы және оны шешу жолдары» тақырыбындағы ғылыми жұмысын қорғап, «Жерге орналастыру» секциясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар ғылыми мақалалары жарық көріп, зерттеу жұмыстарына белсенді қатысып келеді.

Кәсіби білімін жетілдірумен қатар, Айжан заманауи цифрлық технологияларды меңгеруге де ерекше көңіл бөледі. 2026 жылы халықаралық AI-SANA бағдарламасының «Intellectual Technologies and Entrepreneurial Thinking» оқу курсын 135 академиялық сағат көлемінде сәтті аяқтап, халықаралық сертификатқа ие болды. Сондай-ақ Huawei Talent халықаралық білім беру платформасындағы «AI Basics: Overview of AI» және «Search and AI» курстарын табысты тамамдады. Бұл оның заман талабына сай білім алуға, жасанды интеллект пен инновациялық технологияларды кәсіби қызметімен ұштастыруға ұмтылысын көрсетеді.

2026 жылы Айжан ҚазҰУ-да өткен XVIII республикалық пәндік олимпиадада «Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша жүлделі II орынға ие болды. Бұл оның кәсіби білімінің тереңдігін, теориялық білімін практикамен ұштастыра алатынын және таңдаған мамандығына деген қызығушылығының жоғары екенін дәлелдейтін маңызды жетістік.

Айжанның болмысы тек ғылым мен біліммен шектелмейді. Өнер саласында да өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған шығармашыл студент. «Farabi Fest-2023» байқауында халық биінен бас жүлдені, классикалық биден I орынды, заманауи биден II орынды иеленіп, Ыстықкөлге жолдама жеңіп алды. Бір байқауда өнердің бірнеше бағыты бойынша жоғары нәтиже көрсетуі оның таланты мен табандылығының айқын дәлелі.

Факультеттің қоғамдық және мәдени өміріне де белсенді араласатын Айжан 2024 жылы «Ең үздік студенттік топ» жобасында топ басшысы ретінде факультет намысын қорғап, ұйымдастырушылық қабілетін таныта білді. Ол өз командасын біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын көшбасшы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Жоғары академиялық үлгерімі, ғылыми-зерттеу қызметіндегі белсенділігі мен қоғамдық жұмыстарға қосқан үлесі ескеріліп, 2025-26 оқу жылында Айжан Қуатқызы Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына ие болды. Бұл жас студенттің бірнеше жыл бойғы табанды еңбегі, ізденісі және жетістіктерінің лайықты бағасы.

Айжанның бойындағы ең басты қасиеттердің бірі – өзін үнемі дамытуға деген ұмтылысы. Ол бір мезетте білімге, ғылымға, қоғамдық жұмысқа, цифрлық технологияларға және өнерге уақыт бөліп, әр бағытта нәтижеге жете білді. Ашық мінезі, сыпайылығы, кішіпейілдігі мен адамдармен тез тіл табыса білуі оның тұлғалық болмысын одан әрі аша түседі.

Бүгінде Айжан Әлімбек – университетіміздің білімді де белсенді, ізденімпаз әрі жанжақты дамыған студенттерінің бірі. Оның әрбір жетістігі – тынымсыз еңбектің, нақты мақсаттың және өзіне деген сенімнің нәтижесі. Жасампаз жастың жарқын жетістігі бүгінгі марапатпен ғана өлшенбейді. Ол – болашаққа жасалған нық қадам. Айжанның білім мен ғылымды, заманауи технология мен шығармашылықты қатар алып жүруі оның болашақта кәсіби маман ретінде де, қоғамға пайдасын тигізетін білікті тұлға ретінде де биік белестерді бағындыратынына сенім ұялатады.

Өкетай САҒЫМБАЙ,
«Жерге орналастыру» оқу тобының кураторы, г.ғ.к.

Научный мост Казахстан – Бельгия

В рамках официального визита в Королевство Бельгия Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев встретился с гражданами Казахстана, которые получают образование и работают в этой стране.

В ходе встречи Глава государства отметил достижения соотечественников в сфере науки, образования и профессиональной деятельности, подчеркнув их вклад в укрепление международного авторитета Казахстана. Среди участников встречи был выпускник кафедры «Физика плазмы, нанотехнологии и компьютерной физики» физико-технического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби Асан Абдрахманов.

В настоящее время Асан ведёт научно-исследовательскую работу в качестве постдокторанта в Университете Монса (University of Mons, Бельгия). Работая в международном научном сообществе, он успешно реализует исследовательские проекты и вносит вклад в продвижение потенциала казахстанской науки на мировой арене.

Профессиональные достижения выпускников КазНУ имени аль-Фараби в ведущих зарубежных научных и образовательных центрах являются свидетельством высокого уровня подготовки специалистов, а также эффективности образовательных и научных традиций университета. Встреча Президента с соотечественниками, работающими за рубежом, стала признанием вклада молодых казахстанских учёных в развитие науки и повышение престижа страны.

Коллектив КазНУ имени аль-Фараби желает Асану Абдрахманову дальнейших успехов в научной деятельности и выражает уверенность, что его будущие достижения будут и впредь способствовать укреплению международного авторитета казахстанской науки.

Асем АМРЕНОВА,
ассистент-профессора кафедры физики плазмы, нанотехнологии и компьютерной физики



«Утечка мозгов» всё ещё остаётся угрозой для экономики

Несмотря на положительное миграционное сальдо, инженеры, учителя и экономисты продолжают покидать страну. Выпускник КазНУ получает оффер от европейской IT-компании. Молодой врач после интернатуры подаёт документы на работу в Германии. Учёный выигрывает международный грант и переезжает в исследовательский центр за рубежом. Для каждого из них это история личного успеха.

Для государства - вопрос национальной конкурентоспособности. Долгие годы Казахстан входил в число стран, сталкивающихся с «утечкой мозгов» - оттоком образованных и квалифицированных специалистов. Сегодня ситуация выглядит менее драматично: статистика впервые показывает положительный баланс миграции профессиональных кадров. Однако эксперты предупреждают: за улучшением цифр скрываются старые системные проблемы.

По итогам 2025 года Казахстан зафиксировал положительное миграционное сальдо среди специалистов с профессиональным образованием. В страну прибыли около 7,9 тысячи квалифицированных специалистов, тогда как выехали 3,6 тысячи человек. Чистый прирост составил более 4,2 тысячи человек. Также третий год подряд сохраняется положительное общее сальдо внешней миграции. По данным Бюро национальной статистики, в 2025 году в Казахстан прибыли 23,7 тысячи человек, а выбыли 7,6 тысячи, и первый взгляд может показаться, что проблема решена, но именно здесь начинается самое интересное.

За красивыми цифрами скрывается неприятная реальность. Положительное сальдо появилось лишь недавно и пока не перекрывает потери предыдущих лет. Анализ миграционных потоков показывает, что за последние пять лет Казахстан потерял более четырёх тысяч специалистов в наиболее важных для экономики направлениях - технических науках, экономике и образовании.

Среди наиболее уязвимых категорий:

- инженеры и технические специалисты;
- экономисты и финансисты;
- преподаватели;
- научные сотрудники;
- специалисты высокотехнологичных отраслей.

Фактически Казахстан начал компенсироват потери, но пока не восполнил их полностью. Экономисты называют это эффектом «запаздывающей статистики»: общий баланс уже положительный, однако наиболее ценные кадры всё ещё уезжают быстрее, чем возвращаются.

Почему специалисты уезжают? Причины практически не изменились за последнее десятилетие. Во-первых, зарплаты. Разрыв между доходами квалифицированного специалиста в Казахстане и развитых странах может достигать нескольких раз. Во-вторых, возможности профессионального роста. Современный инженер, исследователь или программист выбирает не только размер заработной платы, но и доступ к технологиям, международным проектам и карьерным перспективам. В-третьих, научная инфраструктура. Несмотря на рост финансирования науки, многие молодые исследователи продолжают жаловаться на сложность получения грантов, ограниченное количество исследовательских центров и недостаточную интеграцию в мировое научное сообщество. А с недавними правками в грантовую систему обучения вопрос встал еще острее. В результате Казахстан конкурирует за таланты не только с Германией или США, но и с Польшей, Чехией, Южной Кореей и странами Персидского залива, которые активно привлекают иностранные кадры.



Интересную оценку ситуации дал министр науки и высшего образования Казахстана Саясат Нурбек. Комментируя проблему оттока специалистов, он заявил, что востребованность казахстанцев за рубежом говорит о высоком качестве подготовки кадров в стране. По словам министра, важно создавать условия, при которых молодые специалисты будут видеть перспективы внутри Казахстана. Это заявление вызвало неоднозначную реакцию. С одной стороны, действительно приятно осознавать, что выпускники казахстанских вузов способны успешно конкурировать на мировом рынке труда. С другой - для экономики важно не только подготовить талантливого специалиста, но и удержать его.

Редакционный онлайн-опрос, проведённый среди молодых специалистов в возрасте от 20 до 35 лет (N=412), показал тревожную тенденцию. На вопрос: «Рассматриваете ли вы возможность работы за границей в ближайшие пять лет?» ответы распределились следующим образом:

- Да - 47%;
- Скорее да - 24%;
- Скорее нет - 18%;
- Нет - 11%.

Среди главных причин возможного переезда респонденты назвали:

- более высокий доход - 76%;
- карьерный рост - 61%;
- качество жизни - 49%;
- образование и наука - 38%;
- политическая и экономическая стабильность - 31%.

Показательно, что деньги оказались не единственным мотивом. Для поколения Z всё большее значение имеют профессиональная среда, возможности самореализации и качество городов. Даже в рамках нашей страны можем наблюдать тенденцию переналеления больших, урбанизированных городов.

Новая утечка мозгов выглядит иначе. Если раньше специалисту необходимо было физически переехать в другую страну, сегодня ситуация изменилась. Удалённая работа стирает границы. Программист может жить в Алматы и работать на компанию из Берлина. Аналитик - находиться в Астане и получать зарплату от работодателя из Лондона. Формально такие специалисты остаются в Казахстане. Фактически значительная часть их профессиональной деятельности и человеческого капитала работает на зарубежные рынки. Эксперты называют это явление «виртуальной утечкой мозгов». Она практически не отражается в миграционной статистике, но оказывает влияние на внутренний рынок труда.

Конкуренция за таланты становится глобальной. Сегодня Казахстан борется уже не за возвращение уехавших специалистов. Он борется за право быть местом, где талантливые люди захотят строить свою жизнь. Мировая практика показывает, что удержать кадры можно только комплексно:

- через конкурентные зарплаты;
- качественное образование;
- сильную науку;
- прозрачные институты;
- комфортную городскую среду;
- понятные карьерные перспективы.

Ни одна страна не способна полностью остановить миграцию талантов. Но успешные государства умеют превращать её в обмен знаниями, а не в односторонний отток ресурсов.

Статистика говорит о том, что Казахстан впервые за долгое время начал выигрывать миграционную конкуренцию. Однако цифры пока не дают оснований говорить о полном переломе тренда. Инженеры продолжают уезжать. Учителя продолжают уезжать. Экономисты продолжают уезжать. Молодые учёные всё ещё рассматривают зарубежные лаборатории как более привлекательную площадку для развития. Поэтому главный вопрос сегодня звучит иначе. Не «почему люди уезжают?» А что должно измениться, чтобы лучшие специалисты захотели остаться.

Надежда БИТЮЦКАЯ,
студет 3-го курса факультета журналистики

Uniting Cultures Through the International Abai Readings

The Bosaga project became one of the most vibrant international cultural events marking the 180th anniversary of the great Kazakh poet and thinker Abai Kunanbayev. The initiative was launched by Maksim Ponomarenko, a professor at Pomeranian University in Slupsk, who currently lives in Poland and actively promotes the Kazakh language and culture abroad.



The project is implemented with the support of the Abai Center for Kazakh Culture and Science at the Pomeranian University in Słupsk. Over the past ten years, the Center has become a foundation for sustainable cooperation between universities in Almaty and Słupsk, developing into a space of friendship, mutual respect, and intercultural dialogue.

A special highlight is the annual "Reading Abai" seminars, where participants not only engage with the poet's works but also discuss their relevance in the modern world. According to Maksim Ponomarenko, the true strength of the Center has always been its people, students, teachers, and researchers who, through their participation, imbue it with a vibrant sense of purpose.

Today, this long-standing experience has entered a new stage of development. A cultural brand titled "Bosaga: A Meeting Place of Cultures" has been created, symbolically capturing a decade of cooperation and opening a new chapter in the project's evolution. The word "bosaga" in Kazakh tradition refers to the threshold of a yurt — a symbolic space that both separates the home from the outside world and invites guests to enter, representing hospitality, dialogue, and the beginning of communication..

The first major project in the new phase of Bosaga's development was the international literary competition TheAbaiWave, organized to mark Abai's 180th anniversary. Its aim is to unite participants from different countries through reading and understanding the works of the great poet in various languages, continuing the tradition of intercultural dialogue. As Abai once said, "Adamzattıñ bärin süy bauırım dep" – "Love all humanity as your brothers." Inspired by this humanistic idea, more than 375 participants from around the world took part in the initiative.

A special role in this international wave was played by students of Al-Farabi Kazakh National University. A total of 26 students from Chad, Uzbekistan, Kyrgyzstan, China, Turkmenistan, Afghanistan, Georgia, Turkey, and Kazakhstan participated in the BosagaChallenge. Their performances became a vivid example of how culture can unite people from different countries. Participants read Abai's works in multiple languages, including Kazakh, English, Italian, French, Tatar, Uyghur, Arabic, Azerbaijani, Chinese, and Turkish. This gave the project a truly global dimension and demonstrated that Abai's ideas resonate far beyond Kazakhstan.

The Bosaga project demonstrates how culture and education can transcend national boundaries, creating a space for communication, cooperation, and mutual inspiration. It is a story that began with the initiative and enthusiasm of individuals but has gradually grown into an international movement bringing together hundreds of participants worldwide.

Nadezhda BERSHINA,
Foreign Languages Department



Young people are the backbone of a country

It is our definite belief that a strong and prosperous nation can be built by the young people who have aspirations to achieve success.

Young people are often regarded as the backbone of a country because they represent its energy, and future potential. The progress and prosperity of any nation largely depend on ambitious and motivated young people who strive for success and victory. In order to be successful you should be knowledgeable, highly professional, competitive and have a strong desire to succeede.

Ambitious and motivated young people contribute to national growth through education, innovation, and hard work. Their aspirations encourage them to acquire knowledge, master new technologies, and develop professional skills that are essential in the modern world. Young people with clear goals and a strong desire to succeed are more likely to become responsible citizens, qualified specialists, entrepreneurs, and leaders capable of bringing positive changes to society.

Moreover, the enthusiasm and determination of youth inspire social progress. They are often more open to new ideas, reforms, and creative solutions to existing problems. Their active participation in social, cultural, and economic life strengthens national unity and increases the competitiveness of the country on the global stage.

A strong and prosperous nation cannot be built solely on natural resources or economic wealth; it requires educated, hardworking, and morally responsible citizens. Therefore, supporting young people, nurturing their ambitions, and creating opportunities for their self-realization are among the most important tasks of every society. When the younger generation is guided by high aspirations and a desire to contribute to the common good, they become a powerful force capable of ensuring the country's long-term prosperity and development.

A.MULDAGLIYEVA

TOEIC Link, A New International English Proficiency Exam Offered at Al Farabi, KazNU

Recently, Al Farabi KazNU started offering a new English Proficiency Exam – TOEIC Link – open to university employees and outside candidates. TOEIC Link is the latest English language proficiency test from ETS, the organization that designed and offers international exams such as TOEFL, TOEIC, GRE and Praxis.

A few words about the TOEIC assessment of English language skills and the new TOEIC Link (it was only launched last year). TOEIC exam was developed by the ETS with the purpose of measuring workforce English-language proficiency across any or all four communication skills — listening, reading, speaking and writing. The exam can be taken in a modular fashion: assessing either receptive skills (Listening and Reading) or productive skills (Speaking and Writing) in English.

TOEIC Link is a streamlined version of the TOEIC exam making it a really fast, flexible way to test English language proficiency online. Just like the regular TOEIC, TOEIC Link is taken in modular way: Listening and Reading or/and Speaking and Writing. For university employees, the latter is the way to go as productive skills are assessed. Those who teach English-speaking groups are required to have a high level of English verbal proficiency as well as to be able to write academic articles in English.

TOEIC Link is truly a fast way to evaluate a candidate's level of English. The Speaking and Writing module takes about 37 minutes, while the combined four-skills TOEIC Link assessment takes under 90 minutes. Results are delivered immediately for Listening and Reading tests and within 48 hours for Speaking and Writing tests.

Here's the breakdown of tasks for the Speaking and Writing test:



Speaking module:
1. Read a dialogue aloud (preparation: 25 seconds, response: 40 seconds)
2. Listen and repeat
3. Express an opinion (preparation: 45 seconds, response: 60 seconds)

Writing:
1. Build a sentence (1 minute)
2. Write a brief email (7 minutes)
3. Write an extended email (7 minutes)
4. Write about your perspective – online forum post (10 minutes)

In our humble opinion, TOEIC Link is not a difficult exam and the brevity of the test is one of its big advantages. Compared the IELTS test with its 2 hours 45 minutes duration, 37 minutes - or 90 minutes if one takes all the four skills assessment – TOEIC Link is a much more user-friendly and energy-saving exam. You don't get as tired and are much more likely to stay at your sharpest throughout the whole exam. Besides, TOEIC Link's lower price also makes it a very appealing option for those who need an officially recognized English proficiency exam score.

Information about TOEIC Link can be found on the official ETS webpage: https://www.ets.org/toeic/about/link.html

Farida MUKAZHANOVA,
Senior Lecturer (Foreign Languages Department)

Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA

Қырғызстанда археологиялық зерттеулер жүргізді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Қырғызстанның оңтүстігінде ауқымды ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысты. ZooSTAn CNRS–ҚазҰУ халықаралық зерттеу зертханасы атынан экспедиция жұмыстарына зертхана директоры Уильям Рендю мен жетекші ғылыми қызметкер Светлана Шнайдер жетекшілік етті. Зерттеулерге Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Франция, Тәжікстан, Өзбекстан және Испаниядан 30-ға жуық ғалым мен студент қатысты.



ҚазҰУ ғалымдарының бастауымен Баткен облысындағы Айдаркен қаласы маңында, Алай жотасының солтүстік беткейлерінің етегінде далалық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Экспедицияның негізгі бағыттарының бірі Обишир-5 және Сурунгур археологиялық ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізу болды. Зерттеушілер мәдени қабаттарды зерделеп, стратиграфиялық тіркеу жұмыстарын атқарды және кейінгі зертханалық талдаулар үшін үлгілер алды. Обишир-5 ескерткіші Орталық Азиядағы ерте неолит кезеңі мен өндіруші шаруашылықтың қалыптасуын зерттеу үшін ерекше маңызға ие. Бұған дейін бұл жерден шамамен сегіз мың жыл бұрын үй қойлары мен ешкілердің пайдаланылғанын дәлелдейтін айғақтар табылған. Көпқабатты Сурунгур ескерткішінен ошақтар, тас және сүйек бұйымдар, сондай-ақ жануарлардың қалдықтары анықталды. Олар ежелгі тұрғындардың шаруашылық қызметіндегі өзгерістерді бақылап, зерттеуге мүмкіндік береді.

ҚазҰУ археологтары зерттеулерге кешенді ғылыми қолдау көрсетті. Экспедиция барысында археозоология, археоботаника, геология, геохимия, палинология және хронологиялық талдау әдістері қолданылды. Мамандар ежелгі мұз басқан іздерді де зерттеп, өңірдің климаты мен өсімдік жамылғысын қайта қалпына келтіруге қажетті материалдар жинады. Экспедиция барысында жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижелері де ерекше маңызға ие.

«Барлау жұмыстары кезінде біз үңгірге қатысты екі жаңа нысан мен жартастағы суреттері бар 10-ға жуық орын анықтадық. Бұл олжалар ежелгі өнер мен өңірдің қоныстану тарихын зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады», – деді ZooSTAn CNRS–ҚазҰУ халықаралық зерттеу зертханасының директоры Уильям Рендю. Жиналған материалдар алдағы зертханалық зерттеулер мен ғылыми жарияланымдарға негіз болады. Зерттеу нәтижелері Ферғана аңғарының оңтүстігіндегі қоныстану тарихы, ежелгі тұрғындардың шаруашылығы мен өмір салты, климат пен өсімдік жамылғысының өзгерістері, жануарлар дүниесінің динамикасы және адамның қоршаған ортамен өзара байланысы туралы жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Мемлекеттік тілге құрмет – елге құрмет

Елімізде Қазақстан халқы тілдері күні аталып өтті. Мақсат – еліміздегі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, әрбір этностың тілі мен мәдениетіне құрмет көрсету, тілдік әралуандықты сақтау. Мерекенің маңызын арттыру мақсатында Үкімет арнайы қаулы қабылдап, нақты датаны бекітті, яғни 2017 жылдан бастап Тілдер күні Ахмет Байтұрсынұлының туған күні құрметіне – 5 қыркүйекке ресми түрде ауыстырылды.

Осы маңызды күнге арнап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Психология» мамандығында оқитын 2-курс орыс тобының студенттеріне адамдардың мемлекеттік тілге қатысты ойларын анықтау мақсатында сауал жүргіздім. Өздері мүмкіндігінше қазақ тілінде сөйлеуге тырысты. Қазақ тіліне деген құрмет университет қабырғасында қаланып жалғасын табуы тиіс.

Жарас СЕЙІТНҰР,
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ассистент-профессоры

Тіл – ұлттың тағдыры

Тіл – әр ұлттың рухани байлығы, тарихы мен мәдениетінің айнасы. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. Бұл күн қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Тілді сақтау мен дамыту – ұлт болашағын сақтаудың маңызды кепілі.







Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі – көпұлтты білім беру ортасы. Колледжде әртүрлі этнос өкілдері білім алып, өзара достық пен сыйластықты қалыптастырып келеді. Білім алушылардың, соның ішінде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы мен құлшынысы жоғары. Олар мемлекеттік тілді күнделікті қарым-қатынаста қолдануға және қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін тануға ұмтылады.

Колледжде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында ашық тәрбие сағаттары, пікірталас, викторина, тіл байқаулары, мәнерлеп оқу сайыстары және шығармашылық іс-шаралар тұрақты өткізіледі.

Тіл – халықтарды біріктіретін, достық пен өзара түсіністікті нығайтатын құндылық. Сондықтан қазақ тілін үйрену – тек тіл меңгеру емес, ел тарихы мен мәдениетін құрметтеудің көрінісі.

Гүлжан АСАНҚЫЗЫ,
ҚазҰУ колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2066

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.